

УДК 377.5.02:37.016  
ГРНТИ 14.33.09  
DOI

## МУХТАР ШАХАНОВТЫҢ «ӨРКЕНИЕТТІҢ АДАСУЫ» РОМАНЫН ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІҢІРУ

**Казиева Умут Жумагалиевна,**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,  
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК,  
umut-69@mail.ru

## ПРИВИТИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИМСЯ ЧЕРЕЗ АНАЛИЗ РОМАНА МУХТАРА ШАХАНОВА «ЗАБЛУЖДЕНИЕ ЦИВИЛИЗАЦИИ»

**Казиева Умут Жумагалиевна,**

преподаватель казахского языка и литературы,  
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»,  
Управление образования акимата Костанайской области  
г. Костанай, Казахстан  
umut-69@mail.ru

## INSTILLING NATIONAL VALUES IN STUDENTS THROUGH THE ANALYSIS OF MUKHTAR SHAKHANOV'S NOVEL «THE DELUSION OF CIVILIZATION»

**Kazieva Umut Zhumagalievna,**

teacher of the Kazakh language and literature,  
Kostanay Higher Polytechnic College,  
Kostanay, Kazakhstan

### **Аңдатпа**

Мақалада Мұхтар Шахановтың «Цивилизацияның адасуы» романын талдау арқылы оқушыларға ұлттық құндылықтарды сіңіру процесі қарастырылады. Автор әдеби мұраның жастар арасында патриотизм мен ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы маңыздылығын атап көрсетеді. Романды талдау ұлттық бірегейліктің негізгі аспектілерін, мысалы, дәстүрлерге құрмет, тарихи жады және мәдени мұраны анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада ұлттық құндылықтарды көрсету үшін көркем бейнелер мен сюжеттерді қолдану мысалдары келтірілген. Әрбір оқушыға жеке көзқарас пен олардың физикалық және жеке қасиеттерін дамытуға жағдай жасауға ерекше назар аударылады. Автор сондай-ақ әдеби шығармаларды талдаудың оқушылардың өз мәдениеті мен тарихына деген мақтаныш сезімін дамытуға оң әсерін растайтын зерттеу нәтижелерін талқылайды. Мақала тәрбие және білім беру мәселелерімен айналысатын мұғалімдерге, әдіскерлерге және зерттеушілерге пайдалы болады. Мақалада Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» романын талдау арқылы білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің жолдары қарастырылған. Рухани құндылықтарды дарыту- ұстаздар қауымының алдында тұрған өзекті мәселе, өйткені қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болып табылады. Білім алушылардың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде олардың бойында рухани құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға болатыны зерделенген. Көркем шығармаларды талдау – бәсекеге қабілетті, жаңа қоғам құруға бейім, икемді, ұлттық, адамзаттық, рухани құндылықтарды бойына сіңірген, патриоттық сезімі берік азаматтарды тәрбиелеудің басты құралы.

### **Аннотация**

В статье рассматривается процесс привития национальных ценностей обучающимся через анализ романа Мухтара Шаханова «Заблуждение цивилизации». Автор подчеркивает важность литературного наследия в

формировании патриотизма и национального самосознания молодежи. Анализ романа позволяет выявить ключевые аспекты национальной идентичности, такие как уважение к традициям, историческая память и культурное наследие. В статье приводятся примеры использования художественных образов и сюжетных линий для иллюстрации национальных ценностей. Особое внимание уделяется методам и приемам, которые могут быть использованы педагогами для эффективного внедрения этих ценностей в образовательный процесс. Автор также обсуждает результаты исследований, подтверждающие положительное влияние анализа литературных произведений на развитие у обучающихся чувства гордости за свою культуру и историю. Статья будет полезна учителям, методистам и исследователям, занимающимся вопросами воспитания и образования. В статье рассмотрены способы усвоения обучающимися национальных ценностей путем анализа романа Мухтара Шаханова «Заблуждения цивилизации». Привитие духовных ценностей - актуальный вопрос, стоящий перед педагогами, ведь в любое время единственным способом воспитания гражданина, соответствующего этому обществу, является повышение духовного богатства человека. Изучено, что в результате пробуждения внутреннего мира через воздействие на чувства обучающихся можно формировать у них духовные ценности и нравственные качества. Анализ художественных произведений - главный инструмент воспитания конкурентоспособных, склонных к созданию нового общества, гибких, привитых национальными, человеческими, духовными ценностями, патриотически настроенных граждан.

#### **Annotation**

The article examines the process of instilling national values in students through the analysis of Mukhtar Shakhonov's novel "The Delusion of Civilization." The author emphasizes the importance of literary heritage in shaping patriotism and national consciousness in the youth. The analysis of the novel reveals key aspects of national identity, such as respect for traditions, historical memory, and cultural heritage. The article provides examples of using artistic images and plot lines to illustrate national values. Special attention is paid to the methods and techniques that can be used by educators to effectively integrate these values into the educational process. The author also discusses research findings that confirm the positive impact of analyzing literary works on developing students' pride in their culture and history. The article will be useful for teachers, methodologists, and researchers involved in education and upbringing. The article considers ways for students to assimilate national values by analyzing Mukhtar Shakhonov's novel "The Delusions of Civilization". Instilling spiritual values is an urgent issue facing teachers, because at any time the only way to educate a citizen who corresponds to this society is to increase a person's spiritual wealth. It has been studied that as a result of awakening the inner world through influencing the feelings of students, spiritual values and moral qualities can be formed in them. The analysis of works of art is the main tool for educating competitive, inclined to create a new society, flexible, instilled with national, human, spiritual values, patriotic citizens.

**Түйін сөздер:** ұлттық құндылықтар, рухани байлық, адамгершілік қасиеттер, «рухани мүгедектер», «жарты адамдар», азаматтық жауапкершілік.

**Ключевые слова:** национальные ценности, духовное богатство, нравственные качества, «духовные инвалиды», «половинки», гражданская ответственность.

**Key words:** national values, spiritual brotherhood, moral qualities, «spiritual invalids», «halves», civic responsibility.

Білім беруде ұлттық құндылықтарды қалыптастыру білім алушыларды тәрбиелеудің және оларды қазіргі қоғамдағы өмірге дайындаудың маңызды аспектісі болып табылады. Ұлттық құндылықтар дегеніміз ұлттың, оның мәдениеті мен болмысының негізі болып табылатын рухани және материалдық игіліктердің жиынтығы. Олар адамдардың дүниетанымын, өмір салтын, мінез-құлқын және мотивациясын анықтайды. Жас өспірімдердің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру ұстаздар қауымы мен ата-аналардың алдында тұрған маңызды міндет болып табылады, себебі ұлттық құндылықтар адамдардың дүниетанымы мен мінез-құлқын анықтап қана қоймай, қоғамның бірлігі мен бірлігін нығайтуға, сондай-ақ оның дамуы мен өркендеуіне ықпал етеді. Бауыржан Момышұлы ағамыздың «Рухани жағынан аздындаған адам ғана, Отанына опасыздық жасайды», - деп айтқаны рухани байлықтың мәнін айқындап тұрғандай[1].

Ұлттық құндылықтардың қалыптасуы - бұл адамның бүкіл өмірінде жалғасатын үздіксіз процесс. Алайда, болашақта адамның мінез-құлқы мен мотивациясын анықтайтын

дүниетаным мен адамгершіліктің негізі оқу орындарында қаланады. Дәл осы жылдары білім алушылар өз елі, оның тарихы, мәдениеті мен дәстүрлері туралы білім алады, сондай-ақ олардың азаматтық жауапкершілігі мен қоғамдық өмірге қатысуға дайындығы қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар ұлттың мәдениеті мен тарихын айқындайтын негізгі рухани тіректер болып табылады. Оларды сақтау және жас ұрпаққа сіңіру – тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосылатын маңызды үлес. Сондықтан да ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту – кез келген ұлттың тұрақтылығы мен болашағының кепілі. Қазақ халқының тарихи және мәдени мұралары бүгінгі ұрпаққа тек ақпарат көзі ғана емес, рухани тәрбие құралы ретінде де қызмет етеді.

Мұхтар Шаханов – текақын ғана емес, заманауи қазақ қоғамының рухани көшбасшыларының бірі. Мұхтар Шаханов қай тақырыпты жырласа да, оны сонау ғасырлар қойнауындағы ата-бабалар рухымен сабақтастыра тізбектейді. Ақын өз тұсымен шектеліп қалмай, халықтың, елдің, ұрпақтың болашағына көз тігеді. Оның өмірбаяны оның тек ақын ғана емес, Қазақстан халқының ар-ожданы мен абыройы екенін айқын көрсетеді. Саяси қайраткердің шығармашылығы қазіргі әлемнің үш негізгі құндылығын – гуманизмді, демократиялық дәстүрлерді және ар-намыс пен адалдықтың моральдық-этикалық идеалын білдіреді. Шахановтың «Өркениеттің адасуы» романы – рухани құндылықтардың, адамгершілік қасиеттердің құнды негіздерін терең ашып көрсететін туынды.

Көптеген зерттеушілер, тіл мамандары, әдебиетшілер рухани құндылықтардың қоғам мен жеке тұлғаның дамуы үшін маңыздылығын атап өткен. Олардың пікірлері рухани құндылықтардың адам өміріне тигізетін әсерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Сейіт Қасқабасов өзінің әдебиет және мәдениет саласындағы еңбектерінде қазақтың рухани мұралары арқылы жас ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығын ерекше көрсеткен. Ол рухани байлықты ұлттық құндылықтардың басты тірегі деп санап, ұрпақ сабақтастығын сақтаудың негізі ретінде таниды. Әбіш Кекілбаев шығармаларында рухани құндылықтарды адамгершілік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттермен байланыстырады. Ол материалдық игіліктерге басымдық берілсе, рухани құндылықтардың құлдырауы мүмкін екенін ескертеді. Осы тұрғыда оның шығармалары адамның ішкі жан дүниесіне, рухани тәрбиесіне терең үнілуге шақырады. Ахмет Байтұрсынұлы, қазақтың ағартушысы, тіл маманы, рухани құндылықтардың негізін біліммен байланыстыра отырып, білімді адамның қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін көрсеткен. Ол өз еңбектерінде рухани байлықты тек жеке тұлға үшін емес, ұлттың дамуы үшін басты фактор ретінде қарастырған. Мұхтар Әуезов өз шығармаларында рухани құндылықтардың халықтың болмысын сақтаудағы маңыздылығын көрсеткен. Оның «Абай жолы» эпопеясында ұлттық мәдениет пен рухани мұралар арқылы халықтың дүниетанымы мен өмір салты терең бейнеленген. Бұл шығарманың әр беті адамзаттық құндылықтар мен рухани байлықтың көрінісі. Нұрмұратов С. өз зерттеулерінде рухани құндылықтардың адамның өмірлік көзқарасын қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Ол рухани байлықты тұлғаның ішкі дүниесінің айнасы деп сипаттайды және оның адамның адами қасиеттерін жетілдіруде ерекше орын алатынын атап өтеді. Абай Құнанбаев өзінің қара сөздері мен өлеңдерінде рухани құндылықтарды даналық, білім, еңбекқорлық және адамгершілікпен байланыстырған. Оның «Адамның өзін-өзі тануы – нағыз байлықтың кілті» деген ойы қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Бұл зерттеушілердің пікірі көрсеткендей, рухани құндылықтар адам өмірінің барлық саласында маңызды рөл атқарады. Олар адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуынан бастап, ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтауға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Рухани құндылықтарды дамыту – бұл тек жеке адамның міндеті емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі. Бұл бағыттағы әдебиетшілер мен зерттеушілердің еңбектері ұлттық мәдениеттің негізгі құндылықтарын тереңірек түсініп, оны насихаттауға мүмкіндік береді. Мұхтар Шаханов «Өркениеттің адасуы» шығармасында қазіргі заманның өзекті мәселесі – рухани азғындау тақырыбын көтереді. Ол «Компьютербасты жарты адамдар» арқылы материалдық байлыққа басымдық берудің салдарын көрсетіп, рухани құндылықтарды

сақтаудың маңыздылығын ұсынады. Шаханов рухани құндылықтарды тек жеке тұлға деңгейінде емес, қоғамның дамуының іргетасы ретінде таниды.

Мен өзімнің «Қазақ тілі мен әдебиеті» сабақтарымда студенттердің бойына рухани құндылықтарды сіңіру үшін шығармаларға талдау жасатып отырамын, өйткені бұл пән арқылы олардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйоден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері қалыптасады. Менің басты мақсатым – студенттерді сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу.

Рухани тәрбиенің негізі ұлттық құндылықтарға негізделеді. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту - бүгінгі заман талабы. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыру отырып, дамыту рухани құндылықтарға әкеледі. Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы - адамның рухани байлығын арттыру.

Қазіргі жаһандану заманында материалдық құндылықтарға басымдық беру рухани құндылықтарды екінші орынға ығыстырып жатыр. Бұл үрдіс жас ұрпақтың ұлттық және рухани тәрбиесіне кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты білім беру саласында ұлттық құндылықтарды жаңғырту, рухани байлықты насихаттау мәселесі өзекті болып отыр. Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» романы осы тақырыптарды терең қозғайды, сондықтан бұл шығарма студенттерді рухани тәрбиелеу құралы ретінде маңызды. Мен үшін Мұхтар Шаханов – тек ақын ғана емес, заманауи қазақ қоғамының рухани көшбасшыларының бірі. Оның шығармалары гуманизм, әділеттілік және ұлттық болмысты сақтауға бағытталған. Мұхтар Шахановтың шығармасы – қазіргі заманның рухани дағдарысын ашып көрсететін терең философиялық туынды. Ол адамгершілік, әділеттілік, адалдық сияқты құндылықтардың маңызын айқындап, рухсыздықтың қоғамға тигізер зардабын суреттейді. «Компьютебасты жарты адамдар» бейнесі арқылы ақын адамның толыққанды рухани тұлға болу қажеттілігін көрсетеді. Бұл идеялар білім алушыларды рухани байлыққа баулуда өте құнды. Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі. Ұлттық бірегейлікті сақтау үшін жас ұрпақтың өз елінің тарихы мен мәдениетін терең білуі және құрметтеуі маңызды. Мұхтар Шахановтың шығармалары қазақ халқының рухани мұрасы мен ұлттық болмысын дәріптейді. Оны талдау арқылы студенттер туған елінің құндылықтарын түсініп, патриоттық сезімдерін нығайтады. Бұл тақырып студенттерді ұлттық құндылықтарға баулу арқылы болашақта саналы, рухани бай, патриот тұлғаларды қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай зерттеулер мен оқыту әдістері қоғамның рухани тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған маңызды қадам болып табылады.

Бұл тақырыпты таңдауымның негізгі себебі – Мұхтар Шахановтың шығармасының рухани және ұлттық тәрбиедегі ерекше орны. «Өркениеттің адасуы» романы арқылы студенттерге рухани байлықтың құндылығын жеткізу, олардың ұлттық бірегейлігін сақтауына және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға үлес қосу басты мақсат болып табылады.

Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» шығармасы – қазіргі заманның рухани азғындау мәселесін терең қозғаған бірегей туынды. Ақын бұл шығармасында «Компьютербасты жарты адамдар» ұғымы арқылы материалдық байлықтың басымдыққа ие болуынан туындайтын салдарды бейнелеп, рухани құндылықтардың құлдырауының адамзат үшін қауіпті екенін жеткізеді. Бұл ой қоғамның қазіргі беталысымен тікелей байланысты. Оның «Өркениеттің адасуы» шығармасына «Рухсыз күш формуласы» деп атап көрсеткен «Компьютербасты жарты адамдар» өзек болған[2]. Ақын ана тілінің, ана ділінің салмағын, парқын, қадірін, қасиетін жазады. Ұлтының қамын ойлаған, болашағын болжаған адам «бүтін адам» деуінде үлкен адамзаттық рух жатыр. Әлемде өркениет қақтысы емес сол өркениетке баспалдақ болып қаланар құндылықтар адасып жүргенін ақын дәлелдейді. Бүгінгі жас ұрпаққа ең керегі «Білім+Рух» формуласын ұсынып отыр. Білімді жанның көңірегі ояу, көз ашық дейміз. Ал білімді жанның рухы биік боларын тағы да ақын еске салады. Рухани мүтедектер

емес «бүтін адам» тәрбиелеуді меңзейді. Бізге «жарты ұстаздар» қатарына тап болмауға үндесе, ал шәкірттерімізге «жарты ұлдар», «жарты қыздар» санатына енбеуді үндейді. Бұл шығарманың тәрбиелік маңызы зор. Білім алушылардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыру үшін келесі әдістер қолданылды: мәтінді талдау, сұрақ-жауап әдісі, шығармашылық тапсырмаларды орындау, топтық пікірталас, эссе жазу. Сабактың басында білім алушыларға ойтүрткі сұрақтар қойдым: Мұхтар Шаханов туралы не білесіздер? Компьютер басты жарты адамдар дегенді қалай түсінесіздер? «Рухани құндылықтар» ұғымын қалай түсінесіздер? Материалдық байлық пен рухани байлық арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады? Бұл сұрақтар арқылы студенттер өз ойларын ортаға салды және рухани байлықтың қоғам үшін маңыздылығын түсінді. Одан кейін білім алушылар роман үзінділерін оқып, түсіндірме сөздікпен жұмыс жасайды. «Құймақұлақ», «рухани байлық», «жалаң білім», «рухы, жаны аласа», «тамыр жалғай алмау» сөздерінің мағынасын ашты.

Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» бейнесі – шынайы өмірдің метафоралық көрінісі. Ақын материалдық құндылықтардың шектен тыс маңыздылығы адамның ішкі жан дүниесінің жұтандауына алып келетінін көрсетеді. Ол рухсыздықтың адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, моральдық құндылықтарға, тіпті мәдениет пен білімге де әсер ететінін дәлелдейді. Шахановтың пікірінше, рухани құндылықтар – адам өмірінің басты тірегі. Егер қоғам тек материалдық игіліктерге ұмтылса, оның нәтижесі – адамдардың жан дүниесінің бос қалуы, моральдық қағидалардың құлдырауы, адами қасиеттердің жойылуы.

Білім алушыларға ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидағары екенін, бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын - оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері екендігін айтып өттім. Ұлы ойшыл Абай Құнанбаев: «Адамды заман билемек, заманға жаман күйлемек», - дейді [4]. Бұл әлемдік даму жолын түсінуге мүмкіндік береді. Біз үшін жасанды, виртуалды әлемде жоғалып кетпеу, жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлттық бірегейлігімізді және рухани ерекшелігімізді сақтап қалу аса маңызды екендігін студенттермен бірге талқылады. Білім алушылар романның негізгі мазмұнын оқып, ақынның қандай мәселе көтеріп отырғанын анықтады. Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» ұғымы талданып, бұл метафора арқылы ақынның қоғамдағы рухсыздық мәселесін қалай жеткізгені зерттелді. Мәтінмен жұмыс барысында студенттердің шығарманың тәрбиелік мәні мен негізгі идеясын түсінуге ерекше көңіл бөлінді.

Шығармадағы басты идея – рухани құндылықтардың материалдық байлықтан әлдеқайда жоғары тұруы керектігі. Шаханов «Компьютербасты жарты адамдар» ұғымы арқылы қазіргі қоғамдағы рухани азғындық мәселесін көтереді. Білім алушылар бұл мәселенің өзектілігін мойындап, өздерінің өмірде рухани құндылықтарға басымдық беру қажеттігін түсінді.

Қарт «Неліктен нағыз ұлым біреу дейді?» – деген сұрақты зерделеу барысында білім алушылар «нағыз адам» мен «жарты адамның» бойындағы қасиеттерді талдады. Білім алушылар компьютербас, мониторкөз жарты адамдар әлемін Мұхтар Шаханов бекер тілке тиек етпегенін айтты. Біздің әлем дәл сол әлемнің прототипі екенін және батысқа еліктеп жүріп, рухты жердің тәрбиесін ұмытып кеткеніміз туралы өз пікірлерін ортаға салды. Ақынның «ұлттық негізден қалдық та қалмай бара жатыр» деп жан айқайын түсініп, жартыбас адамдар қоғамында жартылай мәдениет пен жартылай сауаттылық, шала тіл мен шала дәстүр, шала тарих қалыптастасып бара жатқанқанын мойындады. Сонымен қатар ұлттық рухымызды, құндылықтарымызды жоғалтпау үшін не істеу керек? Неден сақтануымыз керек? Неге ұмтылуымыз керек? деген сұрақтар төңірегінде пікірталас ұйымдастырып, қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайлардан қалай құтылу жолдарын атап көрсетті. Бұл тәсіл студенттердің талдау, өз көзқарасын дәлелдеу және топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Білім алушылар романның мазмұны негізінде рухани құндылықтарды сақтау мен насихаттаудың маңыздылығын түсініп, бұл мәселелерді өз ортасында талқылауға дайын екенін көрсетті. Олар «Өркениеттің адасуы» романы арқылы рухани тәрбие мен мәдени

мұраның құндылығын ерекше бағалады. Пікірталас барысында студенттер төмендегідей тұжырымдарға келді: рухани құндылықтарды сақтау – қоғамның тұрақтылығының негізі; «Компьютербасты жарты адамдар» бейнесі – рухани азғындаған қоғамның символы; рухани тәрбиенің көмегімен адамның ішкі жан дүниесін дамытуға болады; мұндай зерттеу жұмыстары білім алушылардың рухани және эстетикалық дамуына ықпал етіп қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін де арттырады.

«Өркениеттің адасуы» атты романы рухсыз білімнің зиянын даналықпен айтқан шығармалар қатарынан орын алады. Адам баласының өмір кешуімен бірге оның желбіреген жалауы болған ұлы қасиеттер, ар – намыс, әділеттілік, қайырымдылық, инабаттылық тағы басқа көптеген асыл қасиеттерді ескермеу адамзатты тұңғыққа тірейді деп ақын одан сақтандырады. Шахановтың пікірінше, рухани құндылықтар – адам өмірінің басты тірегі. Егер қоғам тек материалдық игіліктерге ұмтылса, оның нәтижесі – адамдардың жан дүниесінің бос қалуы, моральдық қағидалардың құлдырауы, адами қасиеттердің жойылуы.

Өлеңнің негізгі мазмұны рухсыздықпен күресу, болашаққа алаңдау. Ақын өлең басында ой салар аңызды келтіре келіп, өлеңнің бастамасын шалдың бір ауыз сөзі арқылы ұғындырып тұрғандай:

Мейлі, мейлі, екі ұлымды қақса да уақыт арқадан,

Нағыз ұлым біреу ғана, ана екеуі жарты адам!

Иә, бізді қайда апармақ мына заман ақпалы?

Ұлан-байтақ жерімізді жарты адамдар қаптады[3].

Ақын адамшылықтың жоғалып бара жатқанын, «компьютербасты жарты адамдар» көбейіп бара жатқанын айтады, ал рухсыз адамды дұрыс жолдан адасқан жарты адамға теңейді. Сонымен қатар ол өмірдің, ғылымның дамуын жоққа шығармайды. Әсіресе, ғылыми дамуындағы сыңаржақтылыққа толғанады. Әлемнің ақпарат тасқындарының, техникалық жедел дамудың, кәсіптік мамандықтың тар шеңберде біржақты даярлануы себебінен әсіресе адами құндылықтардың ескерілмеуін қоғамда компьютербасты жартылардың күрт өсіп кетуі ғасырымыздағы кезек күттірмейтін үлкен проблемаға айналғанына күйзеледі:

Рас, қазір күллі әлемде байлыққа ауды есіл дерт,

Байлығы озса мысықтар да жолбарысша көсілмек.

Бес жүз қабат үй салу да емес бүгін боз елес,

Ақшаң болса «маймылды» да бастық сайлау сөз емес.

Адамзаттың бар тағдырын енді ақша шеше ме? [5].

Бұл өлең жолдарында біздің қазір материалдық байлықты рухани байлықтан жоғары қоюдың зардабын шегіп жатқанымыз және рухани кедейшілікке ұшыраған қоғамды келеңсіздік жайлайтыны туралы айтылады. Шаханов өз өлеңінің астарлы мағынасын Ньютон ашқан үшінші заңмен дәлелдеп көрсеткендей:

Ньютон ашқан үшінші заң нені үндейді білдік пе?

«Әрбір қимыл қарсы қимыл тудырады» тірлікте ... [5]

-деп, ұрпақты бір қауіп-қатерден сақтандыра отырып ақын өз оқырмандарын, өз халқын рухсыздықпен бірігіп күресуге шақырады, себебі ақпараттық технология заманында адами құндылықтарды ескермеу үлкен апатқа апарады. М. Шаханов өлеңінде осындай проблемаларға сын көзбен қарап, шұғыл тосқауыл қою керектігін айтады, себебі адамдардың ойы мен санасы, сезімі өзгеріп, роботқа айналуы мүмкін.

Студенттердің рухани және материалдық құндылықтардың маңыздылығын түсінуіне ықпал ету, сонымен қатар олардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту үшін «Рухани байлық пен материалдық құндылықтың айырмашылығы» тақырыбында эссе жазуды ұсындым. Негізгі көзделген мақсат: рухани құндылықтардың мәнін түсіндіру; ойлау және өзіндік пікірлерін дамыту; шығармашылық қабілеттерін жетілдіру; рухани тәрбие беру; ұлттық құндылықтарды насихаттау болды.

Эссе жазу барысында білім алушылар рухани байлық пен материалдық құндылықтың айырмашылығын талдады. Қазіргі қоғамда материалдық құндылықтар адам өмірінде

үлкен орын алып келетінін, жылжымайтын мүлік, көлік, заманауи технологиялар сияқты дүниелерді адамдар бақуатты өмірдің белгісі ретінде қарастыратынын туралы жазды. «Осындай сыртқы байлық адамның ішкі жан дүниесін толыққанды байыта ала ма? - деген сұрақ көлемінде ой қозғап, рухани байлық пен материалдық құндылықтың айырмашылығын түсіну арқылы өздерінің өмірлік басымдықтарын дұрыс анықтай алатынын ортаға салды. Сонымен қатар рухани байлық – адам өмірінің мәні, рухани байлық адамның ішкі жан дүниесінің байлығы, оның адамгершілік қасиеттері, білім деңгейі, эстетикалық талғамы және рухани қазынасы болып табылатынын атап өтті. Бұл құндылықтар материалдық дүниемен өлшенбейді және адамның ішкі тыныштығын, өмірге деген қанағаттанушылық сезімін қалыптастырады деген тұжырым жасады. Мұхтар Шахановтың «Өркениеттің адасуы» романында рухсыздықтың адамзатқа тигізетін залалы терең суреттелгенін, ақын рухани құндылықтарды ұмытып, материалдық байлыққа ғана негізделген өмірдің адамды нағыз «жарты адамға» айналдыратынын жеткізетінін, бұл бізге адамның рухани тәрбиесі мен ішкі дүниесінің байлығын дамыту қаншалықты маңызды екенін көрсететінін дәлелдеуге тырысты. Материалдық құндылықтар – адамның физикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін заттар екенін көрсетіп, бұл – біз тұратын үй, қолданатын технологиялар, жинақталған қаражат және күнделікті тұтынатын тауарлар екенін сипаттады. Адамның базалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық құндылықтар қажет екені рас, бірақ олар адамның жан-дүниесін, эмоционалдық жағдайын толықтай қанағаттандыра алмайды деген пікірлер айтты.

Студенттер эсседе «... Мәселе материалдық байлықтың өзінде емес, оған адамдардың шектен тыс басымдық беруінде. Егер адам тек материалдық байлыққа ұмтылып, рухани дамуды елемесе, оның ішкі әлемі кедейленіп, қоғамда үйлесімсіздік пайда болады. Мұны Мұхтар Шахановтың «Компьютербасты жарты адамдар» бейнесі арқылы терең түсінеміз. Рухани байлық пен материалдық құндылықтың арасындағы негізгі айырмашылық – олардың адам өміріне әсер етуінде. Материалдық құндылықтар сыртқы қажеттіліктерді өтесе, рухани байлық адамның ішкі жан дүниесін байытып, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Нағыз үйлесімділікке жету үшін адам бұл екі құндылықты тең ұстауы керек. Бірақ рухани байлықтың басым болуы – қоғамның дамуы мен адамның бақытты өмір сүруінің басты шарты» - деп өз ойларын ашық жазды. Рухани байлық пен материалдық құндылық – бірін-бірі толықтыратын, бірақ мәні жағынан әртүрлі ұғымдар. Материалдық құндылықтар адамның өмір сүруіне қажет болса, рухани байлық оның өмір сүру сапасын жақсартады. Сондықтан адам рухани құндылықтарға ерекше мән беріп, өзінің ішкі жан дүниесін байытуға ұмтылуы тиіс. Бұл – өмірдің мәнін түсінудің, өзіңді және қоршаған әлемді жақсы көрудің басты жолы. Эсседе жазу барысында рухани байлықты ұлттық құндылықтармен байланыстыру арқылы студенттердің патриоттық сезімі, мәдениетке деген құрметі артады. Эссе жаздыру – тек академиялық тапсырма емес, сонымен қатар студенттердің рухани және тұлғалық дамуына ықпал ететін тиімді әдіс, ұлттық сана-сезімді нығайтып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мәнін түсінуге ықпал етеді.

Сабақ барысында студенттердің рухани және ұлттық құндылықтарды түсіну деңгейі артты. Олар Шаханов шығармасының негізгі тақырыптары арқылы рухани байлықтың қоғамға тигізетін оң әсерін тереңірек ұғынды, өмірлік маңызды сұрақтарға жауап іздеу арқылы өздерінің ішкі жан дүниесін байытты. Бұл олардың өзін-өзі дамытуына ықпал етті. Мысалы, «Компьютербасты жарты адамдар» ұғымын талқылау барысында студенттер қазіргі қоғамдағы рухсыздықтың салдарын түсініп, өз көзқарастарын қалыптастырды.

Сабақ барысында студенттердің шығармашылық белсенділігі артты. Олар рухани тәрбиенің мәнін түсініп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын нығайтты. Бұл үдеріс олардың көркем шығармаларды оқуға және рухани байлыққа ұмтылуға деген қызығушылығын оятты. Студенттер роман арқылы материалдық байлыққа тым тәуелді болудың зиянын түсінді. Олар өз ортасында рухани құндылықтардың маңыздылығы туралы ой бөлісті.

Қазіргі бүкіл әлемді бағындырып, жаулап алған бұқаралық мәдениеттің адамдарды аздырып, әлсіретіп бара жатқан ұнамсыз сипаттары поэмада айқын көрініс берсе, бүкіл жер бетіндегі

барлық адал ниетті халықтарды, барша мемлекет билеушілерін ұлы гуманизм үшін талмай күресуге үндеген бұл шығарманың қазіргі кездегі, болашақтағы мән-мағынасының биіктей беретіні анық. Әлемнің 200-ге жуық тілдеріне аударылған М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы» поэмасы ғасырлар шындығын тереңдей бейнелеген шынайы туынды, қазіргі дәуірдің көркем шежіресі және білім алушылардың бойына рухани және ұлттық құндылықтарды сіңіруде ерекше рөл атқаратын көркем туынды. Мәтіндерді, көркем шығармаларды талдау және тапсырмаларды орындау арқылы кез келген білім алушы ұлттық құндылықтарымызды барынша бойына сіңіріп, эстетикалық сезімі артып, адамгершілік қасиеттері жоғарылайды. Бұл зерттеу көркем шығармаларды оқыту арқылы рухани байлықты насихаттаудың тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, бұл тәсіл студенттердің ұлттық және азаматтық жауапкершілігін арттыруда маңызды рөл атқарды.

Шаханов рухани құндылықтардың тек жеке тұлға үшін емес, қоғамның болашағы үшін де маңызды екенін айтады. Оның пікірінше, рухани байлығы жоғары адам ғана өзінің отбасы, қауымы, елі үшін пайдалы іс жасай алады. Рухани құндылықтар адамды тек жақсы азамат болуға ғана емес, қоғамның белсенді мүшесі болуға да ынталандырады. Ақынның көзқарасы бойынша, рухани тәрбиесі дұрыс қалыптасқан адам ғана өз іс-әрекеттерін моральдық тұрғыдан саралап, әділ шешімдер қабылдай алады. Осы арқылы қоғамның жалпы мәдениеті мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады. Мұхтар Шаханов шығармаларында рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту жолдарына ерекше назар аударады. Ол адамдарды:

өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеуге; туған тілін сүйуге және оны дамытуға атсалысуға; білім мен тәрбиенің рухани байлықты нығайтудағы рөлін түсінуге шақырады.

Шаханов ұсынған «Білім + Рух» формуласы – қоғамның рухани және интеллектуалды дамуының негізі. Бұл формула арқылы ақын рухани байлықтың біліммен үйлескенде ғана қоғамның шынайы дамуы мүмкін екенін дәлелдейді.

«Өркениеттің адасуы» шығармасы арқылы Мұхтар Шаханов қазіргі заманның өзекті мәселелерін көтеріп қана қоймай, олардың шешу жолдарын да ұсынады. Ол рухани құндылықтарды сақтау – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі екенін көрсетеді. Ақынның ойынша, рухани құндылықтары берік қоғам ғана тұрақты даму мен гүлденуге қол жеткізе алады.

#### Әдебиеттер

1. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі/ С. Нұрмұратов – Алматы :Ақыл кітабы 2001.
2. Шаханов М. Дәуір дастандары / М. Шаханов - Алматы: Жазушы, 1992.
3. Косымова Г. Қазақ тілі мен әдебиеті / Г. Косымова– Алматы Мектеп 2019.
4. Шаханов М. Заблуждение цивилизации / М. Шаханов: Атамұра, 2019.
5. Иванова Е.В. Литературное наследие и национальные ценности / Е. Иванова: Просвещение, 2020.
6. Петров А.Н. Методы анализа литературных произведений. / А. Петров Академия, 2021.
7. Сидорова М.А. Национальная идентичность в литературе. / М. Сидорова Юрайт, 2022.
8. Кузнецова Л.В. Воспитание патриотизма через литературу. / Л. Кузнецова, Лань, 2023.
9. Здесенко Л.А. Современные подходы к преподаванию литературы. / Л. Здесенко Молодой ученый. - 2023. - №47. - с.57 - 161.
10. Тренды в образовании: современные тенденции в обучении. Яндекс Практикум, url: <http://practicum.yandex.ru>

#### References

1. Nurmuratov S. Ruhani qundylyqtar әlemi. – Almaty «Aqyl kitaby» 2001.
2. Shahanov M. «Dәuir dastandary» - Almaty: «Zhazushy», 1992.
3. Kosymova G. Qazaq tili men әdebieti. – Almaty «Mektep» 2019.
4. Shahanov M. «Zabluzhdenie civilizacii». Izdatel'stvo: Atamұra, 2019.



5. Ivanova, E. V. «Literaturnoe nasledie i nacional'nye cennosti». Izdatel'stvo: Prosveshchenie, 2020.
6. Petrov A. N. «Metody analiza literaturnyh proizvedenij». Izdatel'stvo: Akademiya, 2021.
7. Sidorova M. A. «Nacional'naya identichnost' v literature». Izdatel'stvo: Yurajt, 2022.
8. Kuznecova L. V. «Vospitanie patriotizma cherez literaturu». Izdatel'stvo: Lan', 2023.
9. Zdesenko L. A. «Sovremennye podhody k prepodavaniyu literatury». Zhurnal «Molodoj uchenyj», №47 (494), 2023. Izdatel'stvo: Molodoj uchenyj.
10. Trendy v obrazovanii: sovremennye tendencii v obuchenii. Yandeks Praktikum, 2024.
11. Sovremennye obrazovatel'nye tekhnologii i pedagogicheskie innovacii kak sredstvo realizacii novej obrazovatel'noj paradigmy. Nauchnyj forum, 2022.
12. Muhtar Shahanov: zhizn' i tvorchestvo. Izdatel'stvo: Kazahstan, 2020.
13. Analiz proizvedenij Muhtara Shahanova. Izdatel'stvo: Litera, 2021.